

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

Абдуллина Шамшырақ Бердіғалиқызы

Қара металлургия қалдықтарынан хромит концентратын алу

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

5B070900 – Металлургия мамандығы

Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд.

 М.Б. Барменшинова

« 27 » мамыр 2021 ж.

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Тақырыбы: «Қара металлургия қалдықтарынан хромит концентратын алу»


Мамандығы 5В070900 – Металлургия

Орындаған

Абдуллина Ш.Б.

Ғылыми жетекші

техн. ғыл. канд., сениор-лектор

 Г.Ж. Молдабаева

« 27 » мамыр 2021 ж.

Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ


Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

5B070900 – Metallургия

**БЕКІТЕМІН**

МжПҚБ кафедра меңгерушісі, техн. ғыл. канд.,  
 М.Б. Барменшинова  
« 01 » ақпан 2021 ж.

Дипломдық жоба орындауға  
**ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Абдуллина Шамшырақ Бердіғалиқызы

Тақырыбы: «Қара металлургия қалдықтарынан хромит концентратын алу»  
Университет Ректорының 2020 жылғы «24» қараша № 2131-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «18» мамыр 2021 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: хромит концентратын өңдеп алу мәліметтері, экономикалық тиімді автоклавты іріктеп еріту әдісі, рационалдық, минералогиялық құрамдары, хромит бойынша комбинаттың жылдық өнімділігі

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) кіріспе;

б) өндірістің технологиялық үдірістері мен шешімдері;

в) технологиялық процестің есептеулері;

г) қорытынды.


Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс): лабораториялық автоклав сұлбасы, хромит концентратын алудың технологиялық сұлбасы, технологиялық параметрлер бойынша сұлбалар.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан тұрады


Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау  
**КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Кіріспе	15.02.2021 ж.	
Әдеби шолу	29.03.2021 ж.	
Технологиялық бөлім	12.04.2021 ж.	
Металлургиялық есептеулер	19.04.2021 ж.	
Қорытынды	03.05.2021 ж.	

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа (жобаға) қойған  
**қолтаңбалары**


Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Негізгі бөлім	Г.Ж.Молдабаева техн. ғыл. канд., сениор-лектор	27.05.2021 ж.	
Норма бақылау	С.Қ. Джуманкулова PhD д-ры	27.05.2021 ж.	К. Джуманкулова

Ғылыми жетекші



Г.Ж.Молдабаева

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



Ш.Б. Абдуллина

Күні

«01» ақпан 2021 ж.

## АҢДАТПА

Дипломдық жұмыста Дөң тау-кен байыту комбинатының хром байыту өндірісінің шламды қалдықтарын байыта отырып, оны тауарлы хромит концентратының жоғары сапасына дейін жеткізу технологиясы ұсынылады.

Шламды қалдықтарды автоклавты байыту әдісіне әдеби шолу жасалынған және технологиялық шешімі нақтыланған.

Пайдалы әдіс ретінде құрамы хром оксидіне өте бай шламды қалдықтарды автоклавты іріктеп еріту арқылы және одан сүзіліп алынған кекті түйіршіктеп, күйдірілген жентек шығуы қарастырылды.

Күйдірілген жентек алу келесі сатылардан тұрады:

- автоклавты іріктеп еріту;
- ерітіндіні сүзу;
- кекті түйіршіктеу;
- жентекті күйдіру.

Жұмысты әзірлеу кезінде үрдістер мен аппараттардың технологиялық шешімдері, сонымен қатар технологиялық және қосымша жабдықтармен цехтың бөлімшелері мен жоспары қарастырылып шықты, ары қарай өндейтін шикізаттың рационалдық құрамын, материалдық балансын және қондырғыларға есептеулерді жүргіздім және үрдістің тиімді технологиялық параметрлерін анықтап қарастырдым.

## АННОТАЦИЯ

В дипломной работе предлагается технология обогащения шламовых отходов хромообогащающего производства Донского горно-обогатительного комбината с доведением его до высокого качества товарного хромитового концентрата.

Проведен литературный обзор метода автоклавного обогащения шламовых отходов и уточнено технологическое решение.

Установлено, что наиболее перспективным и оптимальным является автоклавное выщелачивание шламовых хвостов в кислотной среде и обжиг сырых окатышей с получением обожженного окатыша.

Основными технологическими переделами обогащения шламовых хвостов и получения обожженных окатышей являются:

- автоклавное выщелачивание;
- фильтрация раствора;
- грануляция кека;
- обжиг сырых окатышей;

При разработке работ были выполнены технологические решения процессов и аппаратов, а также рассмотрены планы и подразделения цеха с технологическим и вспомогательным оборудованием, в дальнейшем я производил расчеты по рациональному составу перерабатываемого сырья, материальному балансу и установкам, определял оптимальные технологические параметры процесса.

## ANNOTATION

In the thesis, the technology of enrichment of the sludge waste of the chromium-enriching production of the Don Mining and Processing Plant with bringing it to a high quality of commercial chromite concentrate is proposed.

The literature review of the method of autoclave enrichment of sludge waste is carried out and the technological solution is specified.

It is established that the most perspective and optimum is autoclave leaching slime tails in the acid environment and roasting crude pellet with reception baked pellet.

The basic technological repartitions of enrichment slime tails and reception baked pellet are:

- autoclave leaching;
- a solution filtration;
- granulation of filtrate;
- roasting crude pellet.

During the development of the work, technological solutions of processes and devices, as well as plans and divisions of the workshop with technological and auxiliary equipment were considered, in the future I made calculations on the rational composition of the processed raw materials, the material balance and installations, determined the optimal technological parameters of the process.

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	9
1 Дипломдық жұмыс тақырыбының сипаттамасы	10
1.1 Ғылыми зерттеу жұмысын өңдеу сипаттамасы	10
1.2 Техникалық ғылыми зерттеу бағытының негізі және алынатын өнімнің көлемі, номенклатурасы	10
2 Metallургиялық шешімдер	12
2.1 Бастапқы өнімнің техникалық сипаттамасы, химиялық және рационалдық, минералогиялық құрамы	12
2.2 Дөң тау-кен байыту фабрикасы-2 шламды қалдықтарын байыту технологиясына тәжірибелік жұмыстар мен ғылыми зерттеулер	12
2.2.1 Ғылыми зерттеулер және тәжірибелік жұмыстардың шешімдері	25
2.3 Қолданылатын реагенттер, отындар, қосалқы материалдар, су және өнімдердің заттық құрамы	26
2.4 Автоклавты іріктеп еріту және сүзу әдістерінің материалдық баланс есебі	27
2.5 Аппаратураларды есептеу	27
2.5.1 Автоклавтың техникалық параметрлерін, механикалық араластырғыш қуатын есептеу	27
2.5.2 Барабанды вакуум-сүзгіш өлшемін, айналу жиілігін есептеу	29
2.6 Барабанның техникалық негіздемесі мен ерекшелігі, қауіпсіздік ережесі және іске қосу нұсқалары	30
2.7 Күйдіру пешін қолданылуы бойынша нұсқаулар	33
3 Құрылыс шешімдері	38
3.1 Өнеркәсіптік кәсіпорын орналасатын ауданның ситуациялық карта сұлбасы	38
3.2 Ғимараттың жоспарланған шешімдерін жүйелеу және қондырғыларды орналастыру	38
3.3 Цех ғимаратының конструктивті және архитектуралық элементтері	39
3.4 Жобаланушы өндіріс орнына негіздеме	39
3.4.1 Кәсіпорынның құрылыс конструкциялары мен элементтері және тұрғындық бөлмелермен қамтамасыздандыру	39
3.4.2 Су және электр энергия көзімен қамту, канализация жүйесі	40
ҚОРЫТЫНДЫ	41
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	42
А қосымшасы	43
Б қосымшасы	46



## КІРІСПЕ

Бұл дипломдық жұмыстың өзектілігі Дөң тау-кен байыту комбинатының құрамында хромит бар кендерді, материалдарды және байыту қалдықтарын өндеудің қолданыстағы әдістерін талдау және хромит концентратын алу.

Қарастырылған дипломдық жұмыстың басты тақырыбы ол Дөң тау-кен байыту фабрикасы үшін де мәні зор тапсырма. Ұсынылған дипломдық жұмыс Хромтау қаласы, Дөң ТКБК-ның Дөң байыту фабрикасында, жоғарғы тиімділікте қолданылуының маңыздылығы өте зор.

Дипломдық жұмыста қарастырылған экологиялық таза, экономикалық тиімді әдіс – автоклавты іріктеп еріту болып табылады, ерітуден кейін екі өнім аламыз.

Негізінен дипломдық жұмыстың мақсаты өндіріс қалдықтарын байыта отырып, тауарлы хромит концентратының сапасына арттыру болып табылады.

Алдыға қойған мақсатқа жету үшін келесі тапсырманы шешу керек: еріту нәтижесінде алынатын екінші өнім, магний оксидіне бай ерітіндіні өңдей отырып, металдық магний алу өндірісін қарастыру.

Дипломдық жұмысты жазуға негізгі әдістеме ретінде отандық әдебиеттер және тікелей өндіріс мәліметтері алынады.

Дипломдық жұмысты жазып аяқтау кезінде тапсырманың маңызды басты шешіміне және үрдістің қолайлы технологиялық параметрлерін анықтауға қол жеткізілді.

## **1 Дипломдық жұмыс тақырыбының сипаттамасы**

### **1.1 Ғылыми зерттеу жұмысын өңдеу сипаттамасы**

Ғылыми зерттеу жұмысының орындалуы шламды қалдықтар өндірісіндегі ДБФ-2 ауыр орташа сепарациясы арқылы байыту бөлімі мен ұсақ кластар байыту бөлімдерінің керек еместігіне негізделген.

Шламды қалдықтарды құрамын 51-52% хром оксидіне дейін байыту Дөң ТКБК үшін маңызды тапсырма, сонымен бірге қосалқы өнім – хромитті концентрат, магний өнімін және темір алуға бастапқы өнім болатын, магнийға бай ерітінді алуға мүмкіндік жасайды.

Өңделінген шламды қалдықтарды автоклавты еріту технологиясын енгізу негізгі хромитті концентрат өндірісінің маңыздылығын жоғарылатады, өндіріс қалдықтарын және қалдық қоймаларын азайту үшін қоршаған ортаға экологиялық тигізетін зардаптарын төмендетеді.

### **1.2 Техникалық ғылыми зерттеу бағытының негізі және алынатын өнімнің көлемі, номенклатурасы**

Дөң тау-кен байыту фабрикасы-2 (ДБФ-2) құрамында хром оксиді 37-42% аралығында кездесетін шламды қалдықтарының мөлшері жылына 190-220мың тонна құрайды.

Автоклавты ерітіп байыту әдісі нәтижесінде құрамында хром оксиді 51-52% аз кездеспейтін хромитті концентрат аламыз. Өнім шығымы алғашқы шламның 77-88% аралығында. Сол себептен хромитті концентратқа ұқсас болатын жылына қосымша ретінде хром оксидімен кең байытылған 167-193мың тонна өнім аламыз.

Сонымен бірге автоклавты еріту нәтижесінде магнийға бай ерітіндіні аламыз. Күкірт қышқылымен қоса еріткенде магнийдің ерітіндіге бөлінуі орта есеппен 75-80%, демек магнийдің ерітіндіде кездесетін мөлшері жылына 36835 тонна.

Күкірт қышқылы ерітіндіге кейбір реагенттерді қосқан кезде магнийдің ерітіндіден бөлініп шығуы 88% дейін жоғарылайды, яғни магнийдің ерітіндідегі мөлшері 40530 тонна жылына. Қазіргі уақытта әлемде кедей хром кендерін қайта өңдеуді зерттеуге деген қызығушылықтың артуы, сондай-ақ байыту қалдықтары мен үйінділерден пайдалы компоненттерді кешенді алу тән.

Хром кендері – мұндай қосылыстар мен концентрацияларда хромды камтитын табиғи минералдық түзілімдер, оларды өнеркәсіптік пайдалану техникалық тұрғыдан мүмкін және экономикалық тұрғыдан орынды болады. Құрамында хром бар минералдардың ішінде тек хромшпинелидтер хром өндірудің өнеркәсіптік көзі болып табылады.

Хром кендерінің ең жақсы сорттарында 42-56%  $\text{Cr}_2\text{O}_3$  және 10-26%  $\text{FeO}$  бар. Рудадағы маңызды компоненттердің құрамы өзгереді (%): 10,5-52,0  $\text{Cr}_2\text{O}_3$ ; 4,0-34,0  $\text{Al}_2\text{O}_3$ ; 1,0-18,0  $\text{Fe}_2\text{O}_3$ ; 7,0-24,0  $\text{FeO}$ ; 10,5-33,0  $\text{MgO}$ ; 0,4-27,0  $\text{SiO}_2$ . Кейбір кендерде платина тобының 0,1-0,2 г/т және 0,2 г/т дейін алтын кездесіп жатады.

Көптеген рудалар өте жоғары сортты болады және оларды байытусыз қолдануға болады. Кен байыту іс жүзінде өте сирек кездеседі, өйткені ол  $\text{Cr}_2\text{O}_3$  құрамын арттырады, бірақ әдетте хром мен темір арасындағы қатынасты жақсартпайды.

Хром кендері 36 елде анықталған және жалпы мөлшері 15,5млрд. т. құрайды. Олардың негізгі бөлігі Қазақстанда, Үндістанда және Оңтүстік Африкада шоғырланған.

## 2 Металлургиялық шешімдер

### 2.1 Бастапқы өнімнің техникалық сипаттамасы, химиялық және рационалды, минералогиялық құрамы

Ақтөбе аумағының хромитті концентраттарының кеуектілігі 18-32%, тығыздығы 3,7-4,4г/см<sup>3</sup> ұнтақтау және тығыз емес түрге жатады, соған байланысты гравитациялық байытуға оңай ұшырайды.

Минералогиялық құрамы: хромшпинелид  $(Mg,Fe)(Cr,Al,Fe)_2O_4$ ; уваровит  $Ca_3Cr_2(SiO_4)_3$ ; қосынды түзетіндер: оливин  $(Mg,Fe)_2(SiO_4)$ ; эстатин  $Mg_2(Si_2O_6)$ ; диопсид  $CaMg(Si_2O_6)$ ; хромдиопсид құрамындағы хром ~3%, серпентиниттер  $Mg_6(Si_4O_{10})(OH)_8$ ; карбонаттар:  $CaCO_3$ ;  $Mg(CO_3)$ ;  $(Mg,Al)_3(OH)_2[Al_{10,5-0,9}Si_{3,5-3,1}O_{10}]Mg_3[OH]_6$ ;  $SiO_2$ ; сазды минералдар [1].

Хромитті концентратты байыту кезінде кондиционды хромитті концентратпен бірге байытудың шламды қалдықтарын алады және оның мөлшерлік құрамы 1 кестеде келтірілген.

#### 1 Кесте – Шлам негізгі компоненттерінің мөлшерлік құрамы

Атауы	Cr <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	MgO	FeO	Fe	SiO <sub>2</sub>	CaO	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	Sж	H <sub>2</sub> O	Басқа	Барл.
Құрамы,%	38,47	27,4	9,82	0,056	12,5	0,83	6,18	0,064	2,8	1,88	100

Шламды қалдықтар ДБФ-2 пайда болады:

- ауыр орташа сепарация байыту бөлімінде (АСББ);
- ұсақ кластар байыту бөлімінде (ҰКББ);

Алынған екі бөлімдегі шламдар гранулометриялық құрамы жағынан бір-бірінен ерекшеленеді, бірақ айтарлықтай айырмашылықтары көп емес. Ұсақ кластар байыту бөлімінің шламды қалдықтары гранқұрам бойынша 70-74% 74мкм класс 7-8% 2-0,5мм класс түрінде көрсетілген.

### 2.2 Дөң тау-кен байыту фабрикасы-2 шламды қалдықтарын байыту технологиясына тәжірибелік жұмыстар мен ғылыми зерттеулер

Тәжірибені жүргізу негіздемесі.

Ерітудің негізгі мақсаты – қатты фазаның бір немесе одан да көп компоненттерін сәйкесінше максималды іріктеп еріту. Еріту мен бөлу үрдістерінің нәтижесінде (тұндыру, сүзу) ерімей қалған қалдық (кек) және еріген өнім жиналатын ерітінді фильтрат аламыз.

Еріту үрдісінде еріткіш қатты дененің тесіктеріне орналасып, бөлініп шығатын компонентті ерітеді, содан кейін реакцияға түседі. Еріген зат қатты дененің бетіне шығып негізгі сұйық массаға қарай өтеді. Заттарды тасымалдауға жалпы көлемі, қатты заттың химиялық құрамы, оның ішкі құрылымы, тесік өлшемдерінің мәндері әсерін тигізеді.

Еріту үрдісінің қозғаушы күші, бөлініп шығатын заттың қатты дене бетіндегі концентрациясы  $C_{бет}$  мен оның негізгі ерітіндідегі массасы орташа концентрациясының  $C_o$  айырымы болып келеді. Қатты фаза шекарасындағы концентрация қаныққан ерітінді концентрациясына тең ретінде алуға да болады,  $C_{кан}$  және қозғаушы күші  $C_{кан} - C_o$  арқылы өрнектеліп жазылады.

Үрдіс жылдамдығы  $dt$  уақытында еріген және  $dM/dt$  еріген зат өрнегімен анықталады, мұндағы  $M$  – қатты заттың көрсетілген уақыт ішіндегі еріген массасы:  $dM/dt = \beta F(C_{кан} - C_o)$ , мұндағы  $\beta$  – сұйық фазадағы массаберіліс коэффициенті.

Бір немесе бірнеше компоненттерді таңдамалы еріту тәсілдерінің бірі қатты материалдарды автоклавты еріту үрдісі болып саналады, үрдіс  $100^\circ C$  температурадан жоғары, сонымен қатар атмосфералық қысымнан жоғары, бейтарап, қышқыл, сілтілі орталарда орындалып жатады [1-2].

1-суретте сыйымдылығы  $1,5 \text{ дм}^3$  материалдарды жүктеу және пульпаны шығару жүйесі бар лабораториялық автоклав қондырғысы көрсетілген. Автоклавтың ішкі қабырғалары қорғасынмен қапталып, ал сыртқы қабырғасы суытуға арналған. Автоклав шамотты футеровканың арнайы фазасында тұрған нихромды спираль қыздырғышы арқылы қыздырылынып тұрады. Автоклав берілісті және электрқозғалтқышты қорғасынмен жұқа қапталған механикалық пропеллерлі араластырғышпен әзірленген. Автоклавқа газ беретін (оттегі, сығылған ауа, аргон, сутегі және т.б.) және ішкі қысымды реттеп тұратын винтельді кіші құбыр бар бұл бізде 1 суретте көрсетілген [3].


Зерттеу жүргізуге арналған лабораториялық автоклав қондырғысы:

- автоклавты қондырғы;
- тартқыш желдеткіш жергілікті сорғыш(зонт);
- вакуумды сүзу қондырғысы;
- қоюландырғыш;
- оттекті баллон редуктор;
- құюға арналған ыдыс;
- бақылап өлшеу және автоматика құралдары;
- кернеудің майлы вариаторы РНО-250-10.

Температура өлшеу үшін қорғасынды кіші құбыр бар термобуға енгізу үшін және арнайы қысым өлшеуге манометр орналастырылған.

Реагенттер: еріткіштер – бірнеше түрлі концентрациядағы күкірт қышқылы; натрий карбонаты( $\text{Na}_2\text{CO}_3$ ); аммоний карбонаты ( $\text{NH}_4$ ) $_2\text{CO}_3$ .

Әдістеме: ұсақдисперсті коллективті концентраттың 240 грамм шамадағы өлшендісі сумен араластырылады, талап етілетін қатынасты  $Қ:С=1:3\div 5$  қарастыра отырып есептелінген арнайы мөлшерде (берілген концентрацияны қамтамасыз ету үшін) күкірт қышқылының ерітіндісі құйылады. Автоклав оқшауланады, одан кейін қыздырғыштар іске қосылады: 220 В кернеуді, 20 А-ге дейін тоқ күшін ұстап тұрады. Сонымен бірге пульпаның механикалық араластырғышы да қосылады.




- 1-оттегі беріп тұратын кіші құбыр; 2-футеровка; 3-суыту жүйесінің құбыры; 4-ағызып құюға арналған кіші құбыр; 5-электрқозғалтқыш; 6-манометр; 7-суытушы ыдыс; 8-газ (бу) құбыры; 9-термобу қабы; 10-пропеллерлі араластырғыш; 11-нихромды қыздырғыш; 12-араластырғыш білігі; 13-клиномерлі беріліс; 14-станина

1 Сурет – Лабораториялық автоклав.

Жұмысшы температураға (120-150 °С) мен қысымға (0,3-0,9 МПа) дейін жеткесін изотермиялық шартты жағдайда жасалынғаннан кейін материалдық автоклавты еріту үрдісі жүзеге асады. Еріту аяқталған уақыттан кейін қыздырғыштар өшіріліп, автоклавтың сулы қабатын суыту мақсатында салқын су беріледі. Пульпа 75°С төмен температураға дейін суығасын, механикалық араластырғышты өшіріп және түбіндегі құбыр арқылы ыдысқа пульпаны құюды бастайды. Құйылып болған пульпаны вакуум-сүзу қондырғысында сүзіп алады. Содан кейін сүзілген кекті шайып және қайтадан сүзіп алады. Ерімеген кекті арнайы кептіргіш шкафта кептіріп өлшейді, сонымен бірге сүзіліп алынған сүзіндіні және шаятын судың көлемін өлшейді. Сүзіндіден және шайынды судан аликвота мен құрғақ кектің орташаланған сынамасы алынады, құрамындағы негізгі компоненттерді (Cr, Mg, Fe, Si, Al т.б.) анықтау мақсатымен анализ жасауға жіберіледі [3-4].

Технологиялық зерттеулер:

Тәжірибелік зерттеулер 2-суретте көрсетілген технологиялық сұлба бойынша жүзеге асады.



2 Сурет – Хромит концентратын алудың технологиялық сұлбасы

Жүргізілген зерттеу жұмыстарының технологиялық параметрлері 2 кестеде келтірілген.

2 Кесте – Тәжірибелік зерттеудің технологиялық параметрлері

Еріткіштер	Еріткіш концен.	Температура, °С	Қысым, мПа	С:Қ	Ұзақтылығы, сағ	Ескерту
1.H <sub>2</sub> SO <sub>4</sub>	75; 100; 150; 200 г/дм <sup>3</sup>	80; 110; 130; 150; 170	0,1-1,2	2:1; 3:1; 4:1; 5:1	1; 2; 3; 4	
2.Na <sub>2</sub> CO <sub>3</sub>	10%; 20%; 30% өлш енді мас	110; 130; 150; 170	0,15-1,2	4:1	2; 3; 4	Ізденді зерттеулер нәтижесі бойынша
3.Na <sub>2</sub> CO <sub>3</sub> + (NH <sub>4</sub> ) <sub>2</sub> CO <sub>3</sub>	10 %; 20 % 10 %; 20 % өлш.мас-н	130; 150	0,2-1,0	4:1	2; 3; 4	-/-
4.(NH <sub>4</sub> ) <sub>2</sub> CO <sub>3</sub>	10 %; 20 %; 30 % өлш.мас-н	130; 150	0,2-1,0	4:1	2; 3; 4	-/-
5.H <sub>2</sub> SO <sub>4</sub> + (NH <sub>4</sub> ) <sub>2</sub> CO <sub>3</sub>	150 г/л 10 %; 20 %; 30 %	110; 130; 150; 170	0,1-0,2	4:1	2; 3; 4	-/-



3 Кесте – Тәжірибелік жұмыстың нәтижелері және технологиялық параметрлері (өлшенді 250 гр, С:Қ=4:1)

Жүргіз. тәжіриб. саны	Т, °С	H <sub>2</sub> SO <sub>4</sub> конц.	τ,сағат	Кек массасы, г	Қатты фаза(кек),құрамдағы компоненттер, %					
					Cr <sub>2</sub> O <sub>3</sub>		MgO		Fe	
					%	Бөл. %	%	Бөл. %	%	Бөл. %
1	80	75	2	190,81	45.47	84,31	18.35	57,75	10.30	95,52
2										
3	110	75	2	193,65	45.49	85,60	16.60	53,08	9.31	87,60
4										
5	130	75	2	182,88	46.90	83,36	17.28	52,17	9.61	85,35
6										
7	150	75	2	191,10	46.35	86,08	16.20	51,09	9.25	85,93
8										
9	170	75	2	188,59	47.46	86,97	15.23	47,38	9.24	84,66
10										
11	80	100	2	202,51	45.83	90,21	15.88	53,06	9.67	95,14
12										
13	110	100	2	195,96	47.41	90,30	13.57	43,87	9.41	89,66
14										
15	130	100	2	189,47	49.05	90,32	13.33	41,68	9.43	86,80
16										
17	150	100	2	190,94	48.86	90,66	12.57	39,60	9.11	84,54
18										
19	170	100	2	191,82	48.78	90,92	11.86	37,51	8.50	79,32
20										
21	80	150	2	182,15	46.11	81,60	16.63	49,96	10.71	94,79
22										
23	110	150	2	202,75	48.47	95,52	10.96	36,67	8.12	79,98
24										
25	130	150	2	193,82	52.03	98,00	11.56	31,98	7.94	74,77
26										

### 3 Кестенің жалғасы

Жүргіз. тәжіриб. саны	Т, °С	H <sub>2</sub> SO <sub>4</sub> конц.	τ,сағат	Кек массасы, г	Қатты фаза(кек),құрамдағы компоненттер, %					
					Cr <sub>2</sub> O <sub>3</sub>		MgO		Fe	
					%	Бөл. %	%	Бөл. %	%	Бөл. %
27	150	150	2	194,24	51.60	97,40	10.44	33,45	7.82	73,84
28										
29	170	150	2	191,08	51.08	94,85	10.84	34,18	7.80	72,45
30										
31	80	200	2	200,55	46.11	89,88	14.16	46,87	9.20	89,67
32										
33	110	200	2	196,79	48.71	93,15	12.48	40,53	8.65	82,72
34										
35	130	200	2	187,57	52.14	95,04	10.72	33,18	7.85	71,57
36										
37	150	200	2	189,07	51.65	94,92	11.16	34,84	7.91	72,71
38										
39	170	200	2	188,19	51.15	93,56	11.52	35,76	8.02	73,33
40										
41	130	150	1	176,75	48.63	83,53	14.14	41,25	9.87	84,75
42										
43	130	150	3	192,25	51.64	96,45	10.30	32,70	7.80	72,88
44										
45	130	150	4	185,52	50.61	91,24	10.77	32,96	7.97	71,82
46										
47	130	200	1	190,09	47.31	87,38	14.53	45,58	9.11	84,12
48										
49	130	200	3	193,73	50.01	94,15	10.69	34,20	7.93	74,66
50										
51	130	200	4	184,82	49.83	89,50	11.47	35,02	8.18	73,47
52										

4 Кесте – Хром оксидінің ерітіндіге бөлінуі


Жүргіз. тәжіриб. саны	Т, °С	H <sub>2</sub> SO <sub>4</sub> конц, г/л	τ, сағат	Сұйық фаза		Құрамдағы компоненттер, г/дм <sup>3</sup> , г								
				өнім	Көлем, мл	Cr <sub>2</sub> O <sub>3</sub>			MgO			Fe		
						г/дм <sup>3</sup>	г	Баст.бөлін, %	г/дм <sup>3</sup>	г	Баст.бөлін, %	г/дм <sup>3</sup>	г	Баст.бөлін, %
1	80	75	2	Сүзінді	880	9.11	8.02	12,74	22.02	19.38	38,73	0.85	0.75	4,42
2				Шай.су	1000	5.11	5.11		4.0	4.10		0.17	0.171	
3	110	75	2	Сүзінді	830	13.37	11.12	13,72	27.78	23.06	46,92	1.42	1.18	10,43
4				Шай.су	970	3.10	3.01		9.55	5.38		1.00	0.97	
5	130	75	2	Сүзінді	900	10.17	9.15	14,85	25.49	22.94	46,82	1.91	1.72	12,14
6				Шай.су	990	6.20	6.14		5.49	5.44		0.79	0.78	
7	150	75	2	Сүзінді	890	10.63	9.64	12,51	27.58	24.55	47,23	2.35	2.09	12,72
8				Шай.су	965	3.36	3.24		4.23	4.08		0.55	0.53	
9	170	75	2	Сүзінді	760	11.92	6.06	11,35	32.24	24.50	50,72	2.53	1.92	13,25
10				Шай.су	910	2.89	2.63		6.86	6.24		0.89	0.81	
11	80	100	2	Сүзінді	820	8.91	7.31	8,33	30.90	25.33	44,85	1.02	0.84	4,84
12				Шай.су	870	1.45	1.27		2.13	1.85		5.58	0.13	
13	110	100	2	Сүзінді	840	7.54	6.33	8,11	33.09	34.86	53,95	1.92	1.61	9,51
14				Шай.су	920	2.21	2.03		3.72	3.42		0.38	0.35	
15	130	100	2	Сүзінді	815	9.40	7.66	7,98	40.48	32.99	57,86	2.39	1.95	11,85
16				Шай.су	790	0.71	0.56		2.63	2.08		0.62	0.49	
17	150	100	2	Сүзінді	885	7.16	6.34	7,30	40.70	36.02	59,43	2.22	1.97	14,66
18				Шай.су	1170	1.01	1.18		3.32	3.89		0.90	1.05	
19	170	100	2	Сүзінді	900	6.77	6.09	7,35	40.02	36.38	60,02	3.28	2.95	18,65
20				Шай.су	870	1.70	1.48		5.18	4.51		1.02	0.89	
21	80	150	2	Сүзінді	890	12.65	11.26	15,89	26.43	23.52	46,81	0.96	0.85	4,55
22				Шай.су	965	5.29	5.11		5.02	4.85		0.09	0.09	
23	110	150	2	Сүзінді	850	3.58	3.04	3,37	39.45	33.53	60,44	3.87	3.29	17,05
24				Шай.су	940	0.47	0.44		3.30	3.10		0.23	0.22	
25	130	150	2	Сүзінді	760	1.74	1.32	1,89	48.73	37.03	65,02	5.26	4.00	23,75
26				Шай.су	910	0.70	0.64		2.59	2.36		0.98	0.89	

#### 4 Кестенің жалғасы


Жүргіз. тәжір. саны	Т, °С	H <sub>2</sub> SO <sub>4</sub> конц, г/дм <sup>3</sup>	τ, сағат	Сұйық фаза		Құрамдағы компоненттер, г/дм <sup>3</sup> , г								
				өнім	Көлем, мл	Cr <sub>2</sub> O <sub>3</sub>			MgO			Fe		
						г/дм <sup>3</sup>	г	Баст.бөлін, %	г/дм <sup>3</sup>	г	Баст.бөлін, %	г/дм <sup>3</sup>	г	Баст.бөлін, %
27	150	150	2	Сүзінді	830	2.18	1.81	2,26	44.22	36.70	64,37	5.20	4.31	24,30
28				Шай.су	900	0.59	0.53		2.57	2.31		0.77	0.69	
29	170	150	2	Сүзінді	750	3.44	2.58	3,84	46.15	34.61	62,28	5.58	4.18	24,81
30				Шай.су	970	1.42	1.38		3.24	3.14		0.95	0.92	
31	80	200	2	Сүзінді	690	10.45	7.21	8,12	38.88	26.83	52,13	1.56	1.08	9,58
32				Шай.су	995	1.16	1.16		4.79	4.77		0.89	0.89	
33	110	200	2	Сүзінді	750	6.29	4.72	5,65	41.98	31.48	56,71	2.76	2.07	14,03
34				Шай.су	980	1.13	1.11		2.95	2.89		0.84	0.82	
35	130	200	2	Сүзінді	820	3.40	2.79	3,64	42.43	35.04	63,84	5.12	4.20	25,57
36				Шай.су	970	1.00	0.97		3.76	3.65		1.09	1.06	
37	150	200	2	Сүзінді	910	3.89	3.54	4,54	35.34	32.16	61,77	5.15	4.69	25,08
38				Шай.су	1100	1.04	1.14		4.80	5.28		0.43	0.47	
39	170	200	2	Сүзінді	800	4.49	3.59	3,95	42.60	34.08	63,28	5.66	4.53	23,75
40				Шай.су	940	0.51	0.48		4.54	4.27		0.37	0.35	
41	130	150	1	Сүзінді	760	10.83	8.23	13,89	41.50	31.54	54,86	2.43	1.85	13,27
42				Шай.су	960	6.32	6.07		1.78	1.71		0.92	0.88	
43	130	150	3	Сүзінді	760	1.57	1.19	1,75	45.52	34.59	64,30	5.56	4.22	24,12
44				Шай.су	930	0.67	0.62		4.71	4.38		0.80	0.74	
45	130	150	4	Сүзінді	700	8.01	5.61	6,95	48.43	33.90	64,32	6.04	4.23	25,56
46				Шай.су	1000	1.55	1.55		5.08	5.08		1.03	1.03	
47	130	200	1	Сүзінді	750	8.41	6.31	9,63	37.01	27.75	51,42	2.81	2.11	12,40
48				Шай.су	950	3.80	3.61		3.30	3.14		0.46	0.44	
49	130	200	3	Сүзінді	960	4.14	3.97	4,22	35.61	34.19	63,07	4.41	4.23	23,55
50				Шай.су	1000	0.38	0.38		4.04	4.04		0.61	0.61	
51	130	200	4	Сүзінді	890	6.26	5.57	7,35	37.26	33.16	62,43	4.13	3.68	24,14
52				Шай.су	980	2.04	2.00		4.78	4.68		1.32	1.29	

5 Кесте – Тәжірибелік жұмыстардың нәтижелері және технологиялық параметрлері


Жүргізілген тәжірибе саны	T, °C	H <sub>2</sub> SO <sub>4</sub> концен.	τ, сағат	Cr <sub>2</sub> O <sub>3</sub> , %	MgO, %	Fe, %
1	80	75	2	97,06	96,50	99,95
2	110	75	2	99,34	99,99	98,04
3	130	75	2	98,20	98,98	97,50
4	150	75	2	98,60	98,33	98,63
5	170	75	2	98,33	98,12	97,90
6	80	100	2	98,53	97,92	99,99
7	110	100	2	98,40	97,83	99,15
8	130	100	2	98,29	99,55	98,64
9	150	100	2	97,97	99,04	99,21
10	170	100	2	98,28	97,55	97,96
11	80	150	2	97,51	96,78	99,33
12	110	150	2	98,88	97,12	97,05
13	130	150	2	99,90	97,01	98,54
14	150	150	2	99,67	97,83	97,15
15	170	150	2	98,70	96,45	98,81
16	80	200	2	98,01	99,01	99,22
17	110	200	2	98,81	97,25	96,74
18	130	200	2	98,69	97,01	97,12
19	150	200	2	99,45	96,60	97,77
20	170	200	2	97,49	99,06	97,07
21	130	150	1	97,41	96,10	98,02
22	130	150	3	98,22	96,99	97,01
23	130	150	4	98,20	97,29	97,36
24	130	200	1	97,03	96,99	96,49
25	130	200	3	98,38	97,26	98,18
26	130	200	4	96,86	97,43	97,60




3 Сурет – Хром оксидінің кекке күкірт қышқылының концентрациясына байланысты бөлінуі (1.  $t - 110\text{ }^{\circ}\text{C}$ ,  $\tau - 2$  сағат; 2.  $T - 130\text{ }^{\circ}\text{C}$ ,  $\tau - 2$  сағат)




4 Сурет – Хром оксидінің кекке еріту ұзақтылығына байланысты бөлінуі (1.  $T - 130\text{ }^{\circ}\text{C}$ ,  $C_{\text{H}_2\text{SO}_4} - 150\text{ г/дм}^3$ ; 2.  $T - 130\text{ }^{\circ}\text{C}$ ,  $C_{\text{H}_2\text{SO}_4} - 200\text{ г/дм}^3$ )




5 Сурет – Хром оксидінің кекке процесс температурасына байланысты бөлінуі (1.  $\text{C}_{\text{H}_2\text{SO}_4}$  – 150 г/дм<sup>3</sup>,  $\tau$  – 2 сағат; 2.  $\text{C}_{\text{H}_2\text{SO}_4}$  – 200 г/дм<sup>3</sup>,  $\tau$  – 2 сағат)



6 Сурет – Күкірт қышқылының концентрациясына байланысты магний оксиді мен темірдің ерітіндіге бөлінуі ( $t$  – 130 °C,  $\tau$  – 2 сағат)




7 Сурет – Еріту ұзақтылығына байланысты магний оксиді мен темірдің ерітіндіге бөлінуі ( $t = 130\text{ }^{\circ}\text{C}$ ,  $C_{\text{H}_2\text{SO}_4} = 150\text{ г/дм}^3$ )



8 Сурет – Процесс температурасына байланысты магний оксиді мен темірдің ерітіндіге бөлінуі ( $C_{\text{H}_2\text{SO}_4} = 150\text{ г/дм}^3$ ,  $\tau = 2\text{ сағат}$ )





9 Сурет – Ерітінді қышқылдығына тәуелділік байланыста кек құрамындағы хром оксиді ( $\tau = \text{const} - 2$  сағат; 1–80°C; 2–110°C; 3–130°C; 4–150°C; 5–170°C)

### 2.2.1 Ғылыми зерттеулер және тәжірибелік жұмыстардың шешімдері

Күкірт қышқылды автоклавты еріту.

Шламды қалдықтарды автоклавта бөлу жұмысының алғашқы бөлімі 2 кестеде келтірілген технологиялық параметрлер бойынша жасалынды. 3, 4, 5-сурет хром оксидінің кекке күкірт қышқылдының концентрациясына, еріту ұзақтығына, үрдіс температурасына, С:Қ қатынасына бойынша бөліну көрсеткіштері келтірілген. Максималды бөліну  $\sim 98,00\%$ , 130°C температурада жүзеге асырылады,  $\text{H}_2\text{SO}_4$  концентрациясы – 150 $\text{г/дм}^3$ , еріту ұзақтылығы 2сағат, С:Қ қатынаста [4].

6, 7, 8-сурет күкірт қышқылдының концентрациясына, еріту ұзақтығына, үрдіс температурасына қатысты магний оксиді мен темірдің ерітіндіге бөлінуі көрсетілген. Жүргізілген тәжірибелерде С:Қ қатынасы 4:1 тең болып саналады.

Магний максималды ерітіндіге бөлініп шығуы 65.02%,  $\text{C}_{\text{H}_2\text{SO}_4}$  – 150 $\text{г/дм}^3$ , ал еріту уақыты 2сағат, автоклавты еріту температурасы 130°C болғанда (6-сурет). Осындай параметрлерде темірдің максималды ерітіндіге бөлініп шығуы 25,57%,  $\text{C}_{\text{H}_2\text{SO}_4}$  – 200 $\text{г/дм}^3$ , ал еріту уақыты 2сағат, автоклавты еріту температурасы 130°C болғанда (6-сурет). MgO (65,02%) және Fe(25,57%) ерітіндіге бөлінуі кезінде қолайлы еріту ұзақтылығы 2сағат (7-сурет). MgO мен Fe ерітіндіге бөлінуі тәжірибелік түрде максимумға 130-150°C автоклавты еріту температурасында дейін жетеді (8-сурет).

9-сурет температураға тәуелді түрде хром оксиді автоклавты еріту үстінде бірнеше күкірт қышқылының 75-200г/дм<sup>3</sup> концентрациясында мәні көрсетілген. Хром оксидінің құрамы 51-52% болған кезде автоклавты еріту температурасы 80, 110, 130, 150, 170°С, ал С<sub>Н2SО4</sub> – 150-200г/дм<sup>3</sup>.

Демек ДБФ-2 шламды қалдықтарын хром оксидімен байытылған өнім алу кезінде автоклавты ерітудің қолайлы технологиялық параметрлері болып:

- температура 130°С;
- күкірт қышқылының концентрациясы 150г/дм<sup>3</sup>;
- ерітудің ұзақтылығы 2 сағат;
- қатынас С:К=4:1;
- автоклавтағы қысым 0,3-0,9МПа;

Басқа реагенттермен еріту (Na<sub>2</sub>CO<sub>3</sub>, (NH<sub>4</sub>)<sub>2</sub>CO<sub>3</sub>) сілітілі және қышқыл орталарда).

Тәжірибенің негізгі мақсаты шламды қалдықтарды автоклавты еріту әдісімен MgO ерітіндіге максималды бөліп алу және бөлінбей қалған кекті хром оксидінің көмегімен байыту кезіндегі бөлшектеп айыру мүмкіндіктерін оқу. Тәжірибелік зерттеудің технологиялық параметрлері 2 кестеде келтірілген және жұмыстар осы бойынша жүргізілді.

- Тәжірибенің екінші бөлімі содамен (Na<sub>2</sub>CO<sub>3</sub>) жүргізілді. Хром оксидінің кекке бөлініп шығуы 93% дейін, ал кектегі Cr<sub>2</sub>O<sub>3</sub> 38-39% құрайды. Магний оксидінің ерітіндіге бөлініп шығуы 4.5-6%.

- Тәжірибенің үшінші бөлімі сода (Na<sub>2</sub>CO<sub>3</sub>) және аммоний карбонат ((NH<sub>4</sub>)<sub>2</sub>CO<sub>3</sub>) қоспасында жүргізілді. Хром оксидінің кекке шығарылуы 85-89% шамасына жуық, ал кектегі Cr<sub>2</sub>O<sub>3</sub> 37,5-38,8% құрайды. Магний оксидінің ерітіндіге шығарылуы 12-13%.

- Тәжірибенің төртінші бөлімі аммоний карбонатымен ((NH<sub>4</sub>)<sub>2</sub>CO<sub>3</sub>) жүргізілді. Хром оксидінің кекке шығуы 88-89%, магний оксиді (MgO) ерітіндіде 12,5-14% құрайды.

- Тәжірибенің бесінші бөлімі қышқыл ортада ((NH<sub>4</sub>)<sub>2</sub>CO<sub>3</sub>)-мен жүргізілді. Хром оксидінің кекке бөлініп шығуы 83-88,5%. Кектегі хром оксиді 47-48% құрайды. Магний оксидінің ерітіндіге бөлініп шығуы 80%-ға дейін.

### **2.3 Қолданылатын реагенттер, отындар, қосалқы материалдар, су және өнімдердің заттық құрамы**

Технологияны жүзеге асырғанда қолданылады:

- техникалық тазалықтағы күкірт қышқылы;
- техникалық тазалықтағы су;
- аммоний карбонат (NH<sub>4</sub>)<sub>2</sub>CO<sub>3</sub>), сода (Na<sub>2</sub>CO<sub>3</sub>);
- ДБФ-2 шламды қалдықтар.





Материал мөлшері, олардың меншікті шығыны, өңдеу өнімдерінің құрамы-технологиялық әдістің материалдық баланс есебінде келтірілген.

## 2.4 Автоклавы іріктеп еріту және сүзу әдістерінің материалдық баланс есебі

Тәжірибелік зерттеу кезінде шламдар ұнтақталмай, бірден шлам дайындау үрдісіне жұмсалады.

Іріктеп еріту және сүзу үрдістері.

Шламды қалдықтарды автоклавы іріктеп еріту кезінде келесі реакциялар бойынша жүргізіледі:



Іріктеп еріту кезінде элементтер көрсетілген пайыздық мөлшерде кекке өтеді: Cr – 98 %; Mg – 11 %; Fe – 72 %; Si – 98,8 %; Ca – 96,5 %; Al – 99,6 %; S<sub>жал</sub> – 15,8 %; O<sub>2</sub> – 76,7 %; H<sub>2</sub> – 22,9 %; басқалары – 80,8 %.

## 2.5 Аппаратураларды есептеу

### 2.5.1 Автоклавың техникалық параметрлерін, механикалық араластырғыш қуатын есептеу

ДБФ-2 аймағында жылдық шлам қалдығы 210 000 т/жыл құрайды. Фабрика бір жылда 327 тәулік үздіксіз жұмыс істейді, сонымен қатар 24 тәулік ППР және капиталды ремонт 14 тәулікке созылады. Демек бір тәулікте фабрикада 642,2 шламды қалдық т/тәулігіне өңделеді. Дайындалатын пульпаның массалық қатынасы K:C=1:4 екенін ескере отырып, өңделетін пульпа жалпы көлемі 3066,8 т/тәу көреміз [соның ішінде 2450 т-суспензия (су+H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub>+(NH<sub>4</sub>)<sub>2</sub>CO<sub>3</sub>)].

Автоклавы жұретін үрдістің циклы келесі сатылардан тұрады:

1. Материалды жүктеу уақыты – 2,4 сағат;
2. Ірікеп еріту уақыты – 1 сағат;
3. Сүзгішке тасымалдау уақыты – 1 сағат;
4. Есепке алынбаған тоқтатуларға кеткен уақыт – 0,2 сағат;

Жалпы цикл ұзақтылығы 4 сағат 36 минутқа созылады. Сәйкесінше тәулігіне бес цикл орындалады, демек бір циклда өңделетін пульпаның көлемі 642,2 т/цикл құрайды. Мұндай көлемді өңдеу үшін он автоклав аламыз, сәйкесті түрде бір автоклавы өңделетін пульпа көлемі 64,22т/(автоклав циклына). Суспензия тығыздығы  $\rho_{\text{сус}}=1,35 \text{ г/см}^3$ .

$$V_{\text{автоклав}} = \frac{M_{\text{ш.к.}}}{\rho_{\text{сус}}} = \frac{64,22}{1,35} = 47,57 \text{ м}^3 \quad (6)$$

Автоклавқа материалды жүктеу коэффициенті 0,7 болса, автоклавтың жалпы көлемі төмендегі мәнге тең:

$$V_{\text{авт.жал}} = \frac{V_{\text{автоклав}}}{\mu} = \frac{47,57}{0,7} = 68 \text{ м}^3 \quad (7)$$

Жалпы көлемі арқылы есептей келе, автоклавтың өлшемдерін табамыз ол келесідей: диаметрі 3,90 м, биіктігі 5,86 м, көлденең қимасының ауданы 11,1 м<sup>2</sup>, жалпы көлемі 68 м<sup>3</sup>.

Автоклавтың механикалық араластырғышын қондыру кезінде талап етілетін электрқозғалтқышының қуатын есептеу үшін келесі деректерді қолданамыз. Пульпа тығыздығы 1350 кг/м<sup>3</sup>, тұтқырлықтың динамикалық коэффициенті  $\mu=1,8 \cdot 10^{-2}$  Па·с, автоклав диаметрі 3900 мм, биіктігі 5860 мм, жүктеу коэффициенті 0,7, айналу жиілігі 3,5 айн/с [4-5].

Нормаланған араластырғыштың диаметрін табамыз:

$$d = \frac{D}{4} = \frac{3,9}{4} = 0,975 \text{ м} \quad (8)$$

Араластыру режимін келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$Re = \frac{\rho \cdot n \cdot d^2}{\mu} = \frac{1350 \cdot 3,5 \cdot (0,975)^2}{1,8 \cdot 10^{-2}} = 249539 \quad (9)$$

Графиктың көмегімен қуат критерий мәнін анықтаймыз және оның мәні мынадай  $K_N=0,2$ .

Төмендегі формула арқылы қондырылған режим кезіндегі араластырғыштың қолданатын қуатын есептейміз:

$$N_P = K_N \cdot \rho \cdot n^3 \cdot d^3 \cdot d^2 = 0,2 \cdot 1350 \cdot (3,5)^3 \cdot (0,975)^3 \cdot (0,975)^2 = 10,2 \text{ кВт} \quad (10)$$

Электрқозғалтқыш көбінесе жұмысшыға қарағанда жіберу кезеңінде қуатты 2-3 есе шамадан асырады:

$$N_{\text{жіберу}} = 2 \cdot N_P = 2 \cdot 10,2 \text{ кВт} = 20,4 \text{ кВт} \quad (11)$$

Электрқозғалтқыштың пайдалы әсер коэффициентін 0.95 және қуат қоры 20 % тең деп алып, қондырғы қуатты табамыз:

$$N_{\text{кон}} = 20,4 \cdot 1,2 / 0,95 = 25,77 \text{ кВт} \quad (12)$$

## 2.5.2 Барабанды вакуум-сүзгіш өлшемін, айналу жиілігін есептеу

Автоклавтағы ерітуден кейін материал пульпа араластыру ыдысына түседі, содан кейін насостардың көмегімен барабанды вакуум сүзгішке айдалынады. Мұндағы мақсат пульпаны кекке және ерітіндіге айыру.

Сүзгішке сулы суспензия 13,4 м<sup>3</sup>/сағ жылдамдықпен беріледі, соның ішінде қатты фаза 20%. Зауыттағы шамаланған вакуум 598 мм.сын.бағ. тең. Лабораториялық үлгіде 510мм.сын.бағ. вакуумында, тәжірибелік сүзу барысында қажетті ылғалдылық сүзу аймағында 33 с қол жеткізілді. Бір метр шаршы ауданға қатысты сүзу константалары келесідей:  $K=11,2 \text{ дм}^6/(\text{м}^4 \cdot \text{с})$ ;  $C=6 \text{ дм}^3/\text{м}^2$ . Суспензия тығыздығы 1350 кг/м<sup>3</sup>.

$K \Delta p^*$ -ға пропорционал деп қабылдай отырып  $K$  сүзу константасын 610 мм.сын.бағ. қайта есептейміз:

$$\frac{K}{K'} = \frac{610}{510} = 1,196 \quad (13)$$

осыдан

$$K=11,2 \cdot 1,196 = 13,4 \text{ дм}^6/(\text{м}^4 \cdot \text{с}) \quad (14)$$

Сүзу уақытын  $\tau = 33\text{с}$  тең деп алып, теңдеуден сүзу аумағының меншікті өнімділігін анықтаймыз:

$$V^2 + 2V \cdot C = K \cdot \tau \quad (15)$$

$$V^2 + 2V \cdot 6 = 13,4 \cdot 33; V = -6 + \sqrt{36 + 442,2} = 15,87 \text{ дм}^3/\text{м}^2 \text{ 33 секунда.}$$

Демек, бір секундтағы сүзу аймағының меншікті өнімділігі:

$$\frac{15,87}{33} = 0,481 \text{ дм}^3/(\text{м}^2 \cdot \text{с}) \quad (16)$$

Суспензия бойынша берілген өнімділікті фильтрат бойынша өнімділікке дейін қайта есептейміз.

Тұнба ылғалдылығы 37% кезінде ылғал және құрғақ тұнбаның массалық қатынасы:

$$m = \frac{1}{1-0,37} = 1,59 \quad (17)$$

Суспензиядағы қатты фазаның массалық үлесі  $x=0.175$ ;

Суспензия шығыны  $G_c = V_c \cdot \rho_c = 13 \cdot 1350 = 17550 \text{ кг/сағ}$ ;

Ылғал тұнбаның массасы  $G_{\text{тұн}} = G_c \cdot x \cdot m = 17550 \cdot 0,175 \cdot 1,59 = 4883,3 \text{ кг/сағ}$ ;

Фильтрат массасы  $G_f = G_c - G_{\text{тұн}} = 17550 - 4883,3 = 12666,7 \text{ кг/сағ}$ ;

Тұнба тығыздығы  $\rho = 1000 \text{ кг/м}^3$  тең кезінде тұнбаның көлемдік шығыны 12666,7 дм<sup>3</sup>/сағ құрайды.

Фильтрат бойынша өнімділікті есептейміз:

$$\frac{12666,7}{3600} = 3,52 \text{ дм}^3/\text{с} \quad (18)$$

Сүзу аймағындағы қажетті бет ауданы көрсетілгендей:

$$F_c = \frac{3,52}{0,481} = 7,32 \text{ м}^2 \quad (19)$$

Көбінесе барабанды вакуум сүзгіштерде сүзу аймағының жалпы бетті шамамен 37 % құрайды, онда сүзгі беті келесі мәнге ие:

$$F = \frac{7,32}{0,37} = 19,78 \text{ м}^2 \quad (20)$$

Каталогқа сәйкес келетін барабанды вакуум сүзгішті таңдап аламыз  $F=21 \text{ м}^2$  (БОУ10-2,6). Сүзгіш диаметрі  $D=2500 \text{ мм}$ , ал ұзындығы  $L=2600 \text{ мм}$  [6].

Берілген 33 с сүзу уақытын қамтамасыз ету үшін қажетті бір минуттағы сүзгіштің айналу жиілігін келесі пропорция арқылы табамыз:

$$\begin{array}{l} 33 - 0,37 \\ 60 - n \end{array} \quad n = \frac{0,37 \cdot 60}{33} = 0,673 \text{ айн/мин.}$$

## 2.6 Барабанның техникалық негіздемесі мен ерекшелігі, қауіпсіздік ережесі және іске қосу нұсқалары

Бұйым: Түйіршіктегіш барабан RLB 36100  
 Саны: 1  
 Артикул: 261267-M1  
 Тапсырыс нөмірі: 234414

Негізгі мәліметтер:

Диаметр, ішкі	3600 мм
Ұзындығы, шиыршықты камерамен бірге	10 000 мм
Жылдамдығы	номин. 6,5 айн/мин, диапазон 4-7,5 айн/мин
Көлбеулігі	номин. 5°, диапазон 5-7°
Мотор	75 кВт

Жалпы.

Түйіршіктегіш барабан негізінен төрт резеңкелі доңғалақтың түйініне сүйенетін барабанды қабырғаны қосып тұрады. Бір жақтағы резеңкелі доңғалақтар түйіні барабандарды қозғалыс қалпына келтіру қызметін атқарады. Төзімді доңғалақ барабанның біліктік қозғалысын ретке келтіріп

отырады. Резеңкелі доңғалақтар түйіні және төзімді доңғалақтар қатты рамада құрастырылған. Барабанның ішкі диаметрі 3600 мм және ұзындығы 10 000 мм құрайды.

*Барабан.* Барабанның қалыңдығы 16 мм болат беттен әзірленген. Резеңкелі доңғалаққа сүйенетін барабанның бөлшектері машиналы өңдеулерден өткен, қалыңдығы 34 мм бетке ие. Барабан бірнеше қаттылық сақинасынан (құрсаулар) және біліктік қозғалысын осіне қабылдайтын қозғалыстарды реттейтін бірнеше сақинамен жасалған.

*Шиыршықты камера.* Шиыршықты камера негізінен барабанның жүк түсіретін бөлігі болып табылады және сілкігішке дайын емес түйіршіктерді тегіс жаюға мүмкіндік жасайтын ерекше кесіліп алынған формалы түрде болады.

*Қаптама.* Барабан ішкі жағынан Шор бойынша қаттылығы 60 °, ал қалыңдығы 8 мм болып келетін резеңкеленген матамен қапталған. Резеңке барабанға қатар орналасқан жұқа тақтайшалар көмегімен бекітілген. Ары қарай резеңкелі мата жоғарыда орналасқан және ол төмен қарай салбырап тұрады, сосын қаптамада өзін-өзі тазарту жүреді. Шиыршықты камерада резеңкелі қаптама қабырғасына жалғанған.

*Айналдырғыш доңғалақ.* Түйіршіктегіш барабан бір-біріне ұқсас төрт резеңкелі доңғалақ түйінімен құралданған. Әр түйіні тоғынға престелген бірнеше 750/75-640 резеңкелі доңғалақтан тұрады. Ось тоғынға жалғаушы элементтермен жасалған және ұстаушыларда доңғалақ подшипниктерімен сүйеледі.

*Қажымайтын доңғалақ.* Қажымайтын доңғалақ сыртқы диаметрі арқылы пластикпен қапталған. Доңғалақта орнатылған осьтегі шар тәрізді доңғалақ подшипниктерді сүйеп тұрады, ал осінде каркаска бұратылып жасалған.

*Беріліс.* Барабанның бір жағында орналасқан қозғалтқыш доңғалақтардың екі түйіні бір-біріне жүзгіш осьпен жалғанып тұр. Сосын беріліс қуаты 75 кВт айнымалы тоқты қозғалтқыштан тұрады, ол иілгішті жалғамалы және айналым жылдамдығын төмендету мақсатында редуктор осінде орнатылған. Барабанның номиналды айналым жылдамдығы 6.5 айн/мин және жиілікті түрлендіргіштің көмегі арқылы 4.5-7.5 айн/мин аралығында өзгеріске ұшырап тұруы мүмкін.

*Салқындату жүйесі.* Барабанда жүктеу соңынан 1.5 м аралықта алты шашыратқыш орнатылған. Барабанға келетін су үш тот баспайтын құбыр арқылы әкелінеді.

*Көлбеулік.* Түйіршіктегіш барабанның номиналды көлбеулігі 5°. Көлбеулікті барабан корпусы мен сүйегіш корпус арасындағы салуды өзгерту үшін 5 °...7 ° аралығында өзгеріске ұшыратуға болады.

Барабан:

Бос салмағы	34645 кг
Ең мүмкін көтеретін салмағы	23150 кг
Ішкі диаметрі	3600 мм

Ұзындығы	10000 мм
Тақта қалыңдығы	15/42 мм

Қозғалтқыш доңғалақ:

Түйін саны	4
Әр түйіндегі доңғалақ саны	16
Доңғалақ типі	Continental Rotafrix 750/75-640RS
Сыртқы диаметрі	745 мм

Резеңкелі қоршама:

Секция саны	8
Резеңке типі	1160 EP 125/1-6/1
Қалыңдығы	8 мм
Қажымайтын доңғалақ	
Диаметр	542/513 мм
Сыртқы қоршама	Полиуретан

Оператор жабдық жүзеге асырылмас бұрын пайдалану бойынша басқару анықтамасымен танысу керек, оған қатысты барлық қауіпсіздік ережесін міндетті түрде сақтау қажет [7].

